

Эндовидеолапароскопиясы жедел араласу ісіктері кезінде әйелдер несеп-жыныс жүйесі.


Орындаған: Шадибек Д.
Топ: 426 ЖМ
Тексерген: Мұхаметжан Қ.

Лапароскопия – бұл оперативтік емдеу әдісі, түрлі көлемді оперативтік жағдайларда бұлшықет тіні және тері жамылғысына үлкен тілік жасамай, дәлдеп тесу арқылы жасалынатын заманауи диагностикалық емдеу шараларының бірі болып саналады.

Лапароскопия - құрсақ қуысының ішкі мүшелерін және оның мүмкін болатын өзгерістерін дәрігер көзбен тексеретін әдіс. Бұл емдеу шарасындағы аймақ маманға көру шегін үлкейтуге көмектеседі. Лапароскопияның барлық емдеу шаралары нақты диагнозды анықтау үшін қолданылады.



Гинекологиядағы лапароскопия гинекологиялық ауруларды емдеуде және диагностикалауда қолданылатын аз инвазивті әдіс. Процедура құрсақ қуысына микротілік арқылы енетін арнайы прибор көмегімен орындалады.



Гинекологиядағы лапароскопия **шұғыл және жоспарлы, емдік және диагностикалық** түрлері болады.

Диагностикалық мақсатта жүргізілетін лапароскопия видеокамерамен жабдықталған трубкалардың құрсақ қуысына енгізілумен негізделеді. Бұның көмегімен дәрігер әйелдің құрсақ қуысы ағзаларын толықтай көруге және олардың жағдайына толықтай баға беруге мүмкіндік алады. Көптеген диагностикалық мақсатта жасалған лапароскопия мүмкіндігінше емдік операцияға ұласады.

Шұғыл лапароскопия пациент экстремлі жағдаймен келгенде диагностикалық немесе емдік мақсатта қолданылады. Бұл жағдайда қосымша диагностикалық зерттеулер жүргізілмейді, арнайы дайындық болмайды.

Жоспарлы лапароскопия емдеуші дәрігердің тағайындауы бойынша жүргізіледі. Бұл кезде науқасқа диагностикалық, лабораториялық зерттеулер жүргізілген соң болады. науқасты арнайы клиникалық зерттеулерден кейін өткізеді, сонымен қатар ЖҚА, ЖЗА, қынаптың тазалық дәрежесіне жағынды алу, көкірек қуысының рентгенографиясы, ЭКГ.

Лапароскопия жасау көрсеткіштері:

- * бедеулік
- * жатырдан тыс жүктілік
- * жатвр түтіктерінің түйілуі
- * эндометриоз
- * аналық жұмыртқаның кистасы
- * жатыр миомасы
- * екіншілік дисменорея
- * кіші жамбас қуысы органдарының қабыну аурулары

Қарсы көрсеткіштер:

- * 3,4 сатыдағы семіздік
- * жатыр мойынының және жұмыртқалардың онкологиялық аурулары
- * құрсақ қуысындағы жабысқақ процестері
- * құрсақ қуысындағы қан құйылулар

Лапароскопияны жүргізу техникасы

Мәні бойынша лапароскопия хирургиялық операция болып саналады. Басқа да хирургиялық қатысулар секілді емдеу шарасының алдында пациентті мұқиятты түрде дайындау қажет. Операция алдындағы дайындығы төмендегілерді қамтиды:

- * Жалпы клиникалық қан талдауы (нәтижесі тек екі апта ішінде ғана жарамды)
- * Жалпы несеп талдауы
- * Дәрігердің көрсетілімі бойынша рентген немесе флюорография
- * Электрокардиограмма
- * Ішкі жыныс мүшелерінің УДС
- * Лапароскопияны жүргізуге қарсы көрсетілімдері болмаған жағдайдағы терапевт дәрігерінің қорытындысы
- * 8 сағат бойы емдеу шарасының алдында тамақ ішуден тежеу. Терапевт дәрігерінің қорытындысына ерекше назар аударған жөн, себебі, лапароскопияның қауіпсіздігі мен зиянсыздығына қарамастан, кез келген емдеу әдісінің жеке қарсы көрсетілімдері болады. Дәрігерлер лапароскопияны жүргізгеннен кейін ауруханада кем дегенде тәулік бойы қалуды ұсынады. Бұл әйелдердің жағдайы мен жазылу процессін бақылау үшін қажет.

- * Лапароскопиялық операциялар жалпы наркоз арқылы жасалады. Операцияның созылуы бір сағаттан аспайды. Лапароскопияны жасау үшін кішігірім тесік жасалады (5-10 мм) алдыңғы ішастар қабырғасына. Бұл тесіктің кесуден айырмашылығы бұлшықет тіндерін жарақаттамайды және науқаста операциядан кейін ауру сезімі болмайды, 1 аптадан кейін науқас арухандан шығады.

Лапароскопияның артықшылықтары мен кемшіліктері

- * Тиімді жағының қатарына операциядан кейінгі тігістердің және операциядан кейінгі аурулардың болмауы, яғни бұл кішкентай өлшемдегі тіліктің болуына себепші. Сонымен қатар, пациентте қатаң түрде төсек тартып жату қажеттілігі әдетте туындамайды, ал қалыпты хал-жайы мен жұмыс қабілеттілігі тез арада қалпына келеді. Осыған байланысты, лапароскопиядан кейінгі госпитализациялау мерзімі 2-3 күннен аспайды.
- * Аталмыш операцияда мүлдем азғантай қан кету байқалады, ағза тіндерінің зақымдалуы аз. Мұндайда тіндер хирург дәрігерінің қолғабымен, дәке майлығымен және басқа да құралдармен байланыспайды. Нәтижесінде жабысу процессінен пайда болған әртүрлі асқынулар азаяды. Бұдан басқа, лапароскопияның сөзсіз артықшылығы – нақты аурудың бір уақытылы диагностикасы мен оны жою.

* **Лапароскопияның кемшіліктері** – сөзсіз кез келген хирургиялық операцияларда қолданылатын жалпы наркоз болып табылады. Наркоздың ағзаға әсері әртүрлі, қарсы көрсетілімдері операцияға дейінгі дайындық процессінде анықталады. Нәтижесінде маман жалпы наркоздың пациентке қаншалықты қауіпсіз екендігін анықтайды. Лапароскопияға басқа да қарсы көрсетілімдер болмаған жағдайда, операция жергілікті наркозбен де жүргізілуі мүмкін.

Лапароскопиядан кейінгі тәртіп



- * Дәстүрлі операциялармен салыстырғанда, лапароскопияда төсек тартып жату бір тәуліктен аспайды. Стационарда емделу пациенттің қалауымен 2-3 күнге жатқызылуы мүмкін, алайда, медициналық көрсеткіштер бойынша мұндай талап сирек кездеседі. Әйелдер жараның жазылуы кезінде іс жүзінде түрлі ауырсынған сезімдерді сезбейді, сондықтан, ауырсынуды басатын препараттарды, әсіресе, наркотикалық анальгетикті қолданудың қажеттілігі жоқ.
- * Көптеген пациенттерді алаңдататын мәселе – лапароскопиядан кейін жүктіліктен сақтану. Контрацепция құралдарын маманның кеңесінің негізінде таңдау қажет. Сонымен қатар, кейбір әйелдер мүлдем негізсіз түрде бала көтеру үшін операциядан кейін қандай да бір уақыт қажет деп ойлайды. Дәрігерлер бұл пікірді жоққа шығарады, яғни, лапароскопия әйелдердің жүкті болуы үшін жүргізіледі. Жалпы айтқанда, лапароскопиядан кейін мүлтіксіз қадағалайтындай қандай да бір арнайы тәртіп жоқ. Жалғыз ғана қажеттілік бұл – денсаулықты күту және үнемі білікті гинекологтан тексерілу.

Әйел несеп-жыныс мүшелерінің ісік аурулары.

Ісік— өзінің қалыпты пішіні мен қызметін жойған, организмнің түрі өзгерген клеткаларынан құралған тіндердің патологиялық жайылып өсуі. Әйелдердің **ЖЫНЫС МҮШЕЛЕРІ АУРУЛАРЫ** - сыртқы, ішкі жыныс мүшелерінің зақымдануы, қабынуы, ісінуі, қатерлі не қатерсіз ісікке шалдығуы салдарынан болады. Әйелдер көбінесе мынандай Гинекологиялық ісік ауруларымен ауырады:

- Жатыр мойны, денесі ісігі
- Аналық без ісігі
- Қынаптың қатерлі ісігі
- Вульваның қатерлі ісігі
- Дисплазиялар

Матка
Шейка матки
Влагалище



Жатыр мойны ісігі және
стадиялары

Рак шейки матки - стадии

Вид шейки матки
при вагинальном
обследовании



Норма



Стадия I





Стадия II



Стадия III

Аналық без ісігі





Қынаптың ісігі, стадиялары

Вульваның ісігі



Қорытынды.

Соңғы уақытта әйелдердің гинекологиялық аурулары жиілеп келеді. Соған қарамастан заманауи құрылғыларда ойлап табылуда. Соның бірі лапароскопия. Лапароскопиямен диагностика жүргізу немесе емдеу өте тиімді. Соғымен қатар оның артықшылықтарымен кемшіліктерін де білген абзал.